

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2024 ж. 31 қазанда «Мұстафа Шоқай және түркі әлемі: тарихтан тағылым мен идеялық сабақтастық» тақырыбында онлайн халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізеді. Конференция : № AP19677780 «М.Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихтан тағылым, идеялық сабақтастық» ғылыми жобасын жүзеге асыру аясында өткізіледі.

Конференцияның басты мақсаты – Мұстафа Шоқайдың түркі әлемі мен ұлт-азаттық қозғалыстарына қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан зерттеу және талқылау, Мұстафа Шоқайдың идеяларының қазіргі заманғы түркі халықтары арасындағы байланыстарға және ынтымақтастыққа тигізетін әсерін, сондай-ақ оның мұрасын зерттеу мен оны жаңа тарихи және саяси контексте қайта пайымдау мүмкіндіктерін талқылау.

Бұл конференция түркі әлеміндегі идеялық сабақтастықты, бірлікті нығайтуға және ортақ тарихи-мәдени мұраны сақтау мен дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді қолдауға ықпал етеді

Конференция жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:

- ✓ Мұстафа Шоқай идеяларының өміршеңдігі, қазіргі заманғы түркі мемлекеттерінің саяси-мәдени өміріне әсері;
- ✓ Қазіргі кезеңдегі түркі мемлекеттерінің қауіп-қатерге қарсы бірігу үдерісі;
- ✓ Мұстафа Шоқай: тұлғалық феномені және саяси қызметі;
- ✓ Мұстафа Шоқай мұралары шетелдік зерттеулерде;
- ✓ Мұстафа Шоқайдың публицистикалық мұрасы;
- ✓ М.Шоқай мұрасы - оқу үдерісінде.

Конференцияға қатысу үшін өтініш беру 2024 ж. 1 қазанына дейін ұйымдастыру комитетінің мекенжайына жіберу қажет. Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына сәйкес келмейтін өтінімдерді қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Мақаланы жарияланымға шығару үшін келесі талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс:

Мәтін көлемі 4 беттен аспауы керек немесе тезистер түрінде болуы керек. Баяндама мәтінінің жоғарғы сол жақ бұрышына ОӘК индексі қойылуы тиіс; редактор – WORD, қаріп 12. Мәтіндер TIMES NEW ROMAN, 12 қаріп, интервал – 1 (бір) шрифтпен жазылуы керек. Беттің төменгі және жоғарғы бөлігінің өлшемдері - 2 см, оң өлшемі - 1,5 см, сол өлшемі - 3 см. Жаңа қатар: 1 см. беттер нөмірленбейді.

Мақалалар қағаз немесе электрондық нұсқада ұсынуды сұраймыз. Келтірілген әдебиеттер мақаланың ішіндегі реттік саны бойынша жақшаға орналастырылады [1, б. 25]. Мақаланың соңында ретпен орналастырылады. Талаптарға сәйкес орындалмаған мақала баспаға жіберілмейді, жинаққа енгізілмейді.

Аннотация (үш тілде) жазу - міндетті. Қазақ тілінде жазылған мәтін үшін-орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация, орыс тілінде жазылған мәтіндер үшін-қазақ, ағылшын тілдеріндегі аннотация.

Түйінді сөздер міндетті және үш тілде ресімделеді: қазақ және ағылшын, орыс.

Түйінді сөздерде 5-10 сөз тіркестері болуы керек. Берілген түйінді сөздер зерттеудің пәндік саласын өте дәл көрсетуі керек.

Конференцияға ғалымдар, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, университет оқытушылары, докторанттар, магистранттар қатыса алады.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, ағылшын, түрік, өзбек, орыс,

Конференцияның басталуы: 2024 жыл 31 қазан, сағат **15:00 (астана уақыты)**.

Zoom ID: 507 763 2331; Қол жеткізу коды 2023:

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы мен байланыстары: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Әйтеке би көш., 29а. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы.

Анықтама телефондары: Тайман Сағат - 87028762440 ,

e-mail Taiman@korkyt.kz, st-1968@mail.ru

Конференцияға қатысу үшін жіберілетін өтінім нысаны:

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты.
2. Қатысушының жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы.
3. Байланыс телефондары, e-mail адресі.
4. Баяндаманың атауы.